

Жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а. 2013 жылғы 21 тамыздағы № 252-Ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 06 қыркүйекте № 8685 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 569 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің 18.09.2015 № 569 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 21 маусымдағы № 95-р өкімін іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі бекітілсін.
2. Экологиялық заңнама және құқықтық қамтамасыз ету департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің жауапты хатшысы А.Г. Дерновойға жүктелсін.
4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Т. Ахсамбиев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о р ш а ғ а н о р т а н ы қ о р ғ а у

м и н и с т р і н і ң м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң

2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 1 т а м ы з д а ғ ы № 2 5 2 - Ө

бұйрығымен бекітілген

Жүзеге асыратын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі

--	--

Р / с №	Дербес деректерінің атауы
1.	Тегі
2.	Аты
3.	Әкесінің аты
4.	Тегі мен атының транскрипциясы
5.	Туу туралы мәліметтер: туған күні; туған жері
6.	Мекен-жайы (тіркелген және тұрғылықты жері)
7.	Ұлты
8.	Жынысы
9.	Отбасылық жағдайы
10.	Отбасы мүшелері
11.	Әскери есептілігі туралы ақпарат (әскери атағы, әскери қызметке жарамдылығы)
12.	Азаматтығы туралы мәліметтер: азаматтығы (бұрынғы азаматтығы); Қазақстан Республикасы азаматтығын алған күні; Қазақстан Республикасы азаматтығын жоғалтқан күні
13.	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)
14.	зейнетақы келісім-шарты
15.	IBAN шоты
16.	Портреттік бейнесі (цифрланған фотосуреті)
17.	Қолы
18.	Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері: құжаттың атауы; құжаттың нөмірі; құжатты берген күні; құжаттың берген мерзімі; құжатты қолданылу құжатты берген орган
19.	Білім туралы құжаттардың көшірмесі
20.	Лауазымы
21.	Мамандығы
22.	Лауазымы
23.	Жалпы жұмыс өтілі
24.	Үздіксіз жұмыс өтілі
25.	Жұмыс өтілін растайтын құжаттар
26.	Денсаулық жағдайы туралы
27.	Заңды тұлғаны тіркеу күні, (тіркеуден алынғаны) заңды мекен-жайы
28.	Заңды тұлғаның БСН
29.	Заңды тұлғаның құрылтай құжаттары
30.	ҮЕҰ басшыларының ТАӘ
31.	ҮЕҰ атауы
32.	Телефон

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК